

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ**

**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТТІНІҢ СТУДЕНТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**ШЫМКЕНТ, 2016 ж.**

Шымкент университетінің студенттеріне арналған.

Оқу-әдістемелік сектормен әзірленді.

**Әзірлегендер** – Қозбағарова Б.С.

Құланова С.Ш.

Керимбаева С.Е.

Ережені даярлау барысында келесі нормативтік-құқықтық құжаттар пайдаланылды: - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (ҚР 21.07.2015ж. №337-V Заңымен берілген өзгерістер мен толықтырулар); - «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы; - «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесі». ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы (ҚР БҒМ 2010.04.13 №168, 2010.11.1 №506, 2011.03.16 №94, 2013.11.04. №445 бұйрығымен берілген өзгерістер мен толықтырулар); - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы

Шымкент Университетінің оқу-әдістемелік Кеңесінде қаралып, бекітуге ұсынылды.  
(24.08. 2016 ж. № 1 хаттама)

Шымкент Университетінің Ғылыми кеңесінде қаралып, бекітілді  
(25.08. 2016 ж. № 1 хаттама)

## 1. СТУДЕНТ МӘРТЕБЕСІ

1.1 Университетінің студенті жоғары кәсіби білім (бакалавриат) немесе жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім (магистратура) бағдарламалары бойынша жоғары деңгейде оқып жатқан тұлға болып табылады.

1.2 Шымкент университетінің студенті:

- ✓ ел жетістігін өз жетістігі деп білетін патриот;
- ✓ жан-жақты даму мен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылған білімді жас;
- ✓ рухани-адамгершілік даму деңгейі биік, заңға бағынатын тұлға;
- ✓ басқа елдердің мәдениеті мен дәстүрін сыйлайтын, төзімді жан.

## 2. СТУДЕНТТЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

Шымкент университетінің студенттерінің мынадай міндеттері бар:

✓ Шымкент университетінің Жарғысының, Шымкент университетінің студенттерінің Ар-намыс кодексiнiң, Iшкi тәртіп ережелерінің, жатақхана ережелерінің және университеттің басқа да нормативті актілерінің талаптарын орындау.

✓ Университеттің білім беру бағдарламаларының талаптарын орындап, оларды жоғары кәсіби деңгейде игеру.

✓ Ғылыми-зерттеу және мәдени-қоғамдық салаларға белсенді араласуға міндетті.

✓ Өз тәжірибесін кейінгі курс студенттеріне жеткізуге көңіл бөлуге, университеттік қоғамдастықтың корпоративтік мәдениетін нығайтып, дамытуға міндетті.

✓ Оқу барысында сырт келбетіне қойылатын талаптарды орындау.

✓ Университет басшылығымен, оқытушылармен қарым-қатынас жасағанда субординацияны сақтауға міндетті.

✓ Құрал-жабдықтарды, оқытуға қатысты техникалық құралдарды және басқа да мүлікті ұқыпты ұстауға, университет аумағында және мекеме аумағында тазалық пен тәртіп сақтауға міндетті.

✓ Университеттегі тұрақтылық пен тәртіпке қауіп төндіретін жағдайлар туралы ақпараты болса әкімдікке хабарлауға міндетті.

✓ Қызметтің барлық саласында Шымкент университетінің студенті деген биік атаққа лайық болу.

## 3. СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ

Шымкент университетінің студенттерінің мынадай құқықтары бар:

✓ Білім беру стандарттарына сай жоғары және ЖОО-дан кейінгі кәсіби білімді, ғылымның, техника мен мәдениеттің озық деңгейіне білімді алу.

✓ Жеке оқу траекториясын қалыптастыруға араласу.

✓ Белгіленген тәртіппен университеттің оқу-материалдық қорын, әлеуметтік құрылым нысандары мен ақпараттық қорын пайдалану.

✓ Қосымша (оның ішінде ақылы) білім беру қызметтерін пайдалану.

✓ Университет қызметіне қатысты ең маңызды мәселелерді талқылауға және шешуге қоғамдық ұйымдар мен университеттің басқару органдары арқылы қатысу.

✓ Ғылыми-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға, симпозиумдарға қатысу, өз еңбектерін, оның ішінде университет басылымдарында жариялауға ұсыну.

✓ Мәдени-бұқаралық, спорттық-сауықтыру, т.б. шараларды өткізуге және ұйымдастыруға қатысу.

✓ Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмаған жастардың қоғамдық ұйымдарын құрып, олардың қызметіне қатысу.

✓ Университет жатақханасынан орын болған жағдайда орын алу.

#### **4.ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ТӘРТІПТІК ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫ**

4.1 Білім беру бағдарламаларын игерудегі жетістіктері мен мәдени-көпшілік, ғылыми, тәжірибелік- конструкторлық жұмыстарға белсенді араласқаны үшін студенттерге моральдық және материалдық ынталандырудың әртүрлі формалары бекітілген.

4.2 Университетінің Жарғысында, Шымкент университетінің студенттерінің Арнамыс кодексінде көрсетілген ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін студенттерге тәртіптік ықпал шаралары (ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, университеттен шығару) қолданылады.